

БОЛАШАҚТЫ БІРГЕ ЖАСАЙМЫЗ!

Халық санағы туралы толығырақ –
STRANA2020.RU сайтында

Қосымша ақпарат
БРХС медиакеңсесі
E-mail: media@strana2020.ru
Тел.: +7 (495) 933-31-94

Ресейдегі Қазақстан Республикасының консулдық
мекемелерінің «шұғыл байланыс» телефондары:

Мәскеу: 8-925-897-71-14

Санкт-Петербург: 8-921-188-90-60

Қазан: 8-905-020-30-42

Омск: 8-968-100-73-03, 8-968-100-73-06

Астрахань: 8-927-562-0042, 8-927-562-00-45

РФ көші-қон және еңбек заңнамасы мәселері бойынша Ресейдің
Мигранттар федерациясының колл-орталығының кеңестемелері:

+7 (901) 578-32-88

+7 (963) 997-42-10

+7 (926) 130-75-00

E-mail: info@fmr-online.ru



2021 ЖЫЛҒЫ БҮКІЛРЕСЕЙЛІК ХАЛЫҚ САНАҒЫ ТУРАЛЫ БАСТЫ 7 СҰРАҚ

Құрметті Қазақстан Республикасының азаматтары!

2021 жылы әлемнің көптеген елдерінде халық санағының кезекті кезеңі өтуде. Бұл шараға Ресей де қатысып жатыр. Бүкілресейлік халық санағы 2021 жылдың күзде өтеді.

Осы үндеухатта – халық санағы туралы ең басты сұрақтардың жауаптары берілген.



ХАЛЫҚ САНАҒЫ ДЕГЕН НЕ?

Бүкілресейлік халық санағы – бұл 2021 жылдың 1-қазанында ел аумағында жүрген бүкіл халық санын, оның ішінде шетел азаматтарының да санын есептеу.



ХАЛЫҚ САНАҒЫ ҚАШАН БОЛАДЫ?

Халық санағы 2021 жылғы 15-қазаннан бастап 14- қарашаға дейінгі аралықта өтеді. Оған келесі үш тәсілдің біреуімен қатысуға болады: санақ жүргізушінің сұрақтарына жауап беру, өздігіңізден интернеттегі санақ жүргізу парағын толтыру немесе стационарлық санақ жүргізу учаскесіне келу.



GOSUSLUGI.RU
ПОРТАЛЫНДАҒЫ
ХАЛЫҚ САНАҒЫ



15-ҚАЗАННАН
БАСТАП
08-ҚАРАШАҒА



САНАҚ
ЖҮРГІЗУШІЛЕРДІҢ
ЖҰМЫСЫ



15-ҚАЗАННАН
БАСТАП
14-ҚАРАШАҒА



СТАЦИОНАРЛЫҚ САНАҚ
ЖҮРГІЗУУЧАСКЕЛЕРІНІҢ
ЖҰМЫСЫ



15-ҚАЗАННАН
БАСТАП
14-ҚАРАШАҒА



ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫ САНАҚТАН ӨТЕ МЕ?

Ресейде жүрген шетел азаматтары келесідей екі жағдайда халық санағына қатысады:

Ресейдің тұрақты тұрғындары ретінде:

- егер олар Ресейге 12 және одан артық айға келсе;
- егер олар Ресейге бассауғалап келсе;
- егер олар Ресейде болса және басқа тұрғылықты жерлері болмаса.

Ресейде уақытша жүрген басқа елдердің тұрғындары ретінде:


- егер олар Ресейге оқуға немесе жұмыс істеуге 12 айдан кем мерзімге келсе;
- егер олардың басқа елде тұрақты тұрғылықты жері болса және олар 1-қазанға қараған түні Ресейде демалу, емделу мақсатында, қонаққа, транзитпен және т.б. келген жағдайда.

Халық санағын жүргізу үшін адамның ел аумағында жүріп-тұруға рұқсатының бар-жоғы маңызды емес.



ХАЛЫҚ САНАҒЫ КЕЗІНДЕ НЕ СҰРАЛАДЫ?

Халық санағы барысында тек қана иесіз деректер жиналады. Санақ жүргізу парақтарына аты-жөндер, мекен-жайлар жазылмайды. Санақ жүргізуші жауаптарды тек сіздің сөздеріңізден жазып алады. Оларды құжаттармен растау талап етілмейді. Перепись безопасна и конфиденциальна! Собранные данные используются только для получения сводных итогов. Санақ қауіпсіз және құпия! Жиналған деректер тек қана жиынтық қорытынды алу үшін қолданылады.



Ресейдің тұрақты тұрғындары болып табылатындар үшін – 25 сұрақтан тұратын толық санақ жүргізу парағы

Ресейде уақытша жүрген басқа елдердің тұрғындары үшін – 7 сұрақтан тұратын қысқаша нысан:

1. жынысы
2. туған жылы
3. тұрақты тұратын елі
4. Ресейге келген мақсаты
5. Ресейде тұру ұзақтығы
6. туған елі
7. азаматтығы

САНАҚ ЖҮРГІЗУШІНІ ҚАЛАЙ ТАЛУҒА БОЛАДЫ?

Санақ жүргізушіні:

- төлқұжатымен бірге ұсынатын куәлігі бойынша;
- санақ жүргізу символикасы бар көк түсті кеудеше мен мойынорағышына қарап;
- Росстат жазуы бар портфель және электрондық санақ жүргізу парақтары бар планшеті бойынша тануға болады.



САНАҚ ЖҮРГІЗУШІМЕН КЕЗДЕСПЕСТЕН САНАҚҚА ҚАТЫСУҒА БОЛАМ МА?

Егер сіз санақ жүргізушінің сұрақтарына жауап бергіңіз келмесе, Gosuslugi.ru порталында өздігіңізден санаққа қатыса аласыз. Бұл үшін осы порталға тіркелу қажет.

Санақ жүргізу парағындағы сұрақтарға жауап бере отырып, сіз санақ жүргізуге қатысқаныңызды растайтын код аласыз. Оны санақ жүргізушіге көрсету керек.



ХАЛЫҚ САНАҒЫНА НЕ ҮШІН ҚАТЫСУ ҚАЖЕТ?

Халық санағы бойынша деректер – әр елдегі экономиканың, әлеуметтік саланың және еңбек нарығының даму негізі. Халық санағына сіздің қатысуыңыз – үлкен ортақ іске үлес қосу, өз өміріңізді және айналыңыздағы әлемді жақсарту мен жетілдіру мүмкіндігі!